



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21 қазан 2019 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 155 - Ц

город Нур-Султан

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы

2017 жылғы 26 сәуірдегі № 44-Ц бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында құжаттама жасау қағидасының 59-тармағына сәйкес, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамындағы құрылымдық өзгерістерге байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже;
- 2) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесінің құрамы бекітілсін.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы» 2011 жылғы 25 наурыздағы № 63-Ц, «2011 жылғы 25 наурыздағы № 63-Ц бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылғы 28 маусымдағы № 86-Ц, «2011 жылғы 25 наурыздағы № 63-Ц бұйрыққа өзгерістер және толықтыру енгізу туралы» 2017 жылғы 10 мамырдағы №48-Ц, «2011 жылғы 25 наурыздағы № 63-Ц бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 118-Ц бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

**«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы**



С.Мыңбаев

Орынд. Отарова А.К. – Цтех
+7 (7172) 604173

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасының
2019 жылғы 21 қазандағы
№155-У бұйрығымен
бекітілген

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарын дамытудың басым бағыттарын анықтау және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының ғылыми-техникалық дамуын қамтамасыз ету және де инновациялық және техникалық саясатын қалыптастыру мен іске асыру бойынша ұсынымдар беру мақсатында ғылыми-техникалық қызмет мәселелерін үйлестіретін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2. Анықтамалар мен қысқартулар

3. Осы Ережеде келесі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Компания	- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҒТК	- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесі
ЕҰ	- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары – акциялар пакетінің (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Қазақстан темір жолы»

ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар.

3. ҒТК міндеті мен функциялары

4. Компания Басқармасы, басшылығы, консультативтік-кеңесші органдары, Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ үшін Компанияның және ЕҰ-ның ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін тиімді, мақсатты қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу ҒТК міндеті болып табылады.

5. ҒТК алдына қойылған міндеттерге сәйкес төмендегі:

1) жиһаз, ұйымдастыру техникасы, тұрмыстық техника, кеңсе жабдықтарын сатып алуға бағытталған Техникалық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарына енгізілген жобаларды немесе бейөндірістік-техникалық мақсаттағы өзге жобаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа да мемлекеттік органдар, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, Компанияның Басқармасы және Директорлар кеңесі ұсыным берген жобаларды қоспағанда, Компания және ЕҰ көрсететін қызметтерді техникалық жетілдіруге және магистральдық теміржол желісін күтіп ұстауға (магистральдық теміржол желісінің объектілерін, жылжымалы құрам, арнайы жылжымалы құрам объектілерін қайта жаңартуға және жаңғыртуға) бағытталған жобаларды қарау және мақұлдау;

2) инфрақұрылымның жаңа элементтерінің, жаңа жылжымалы құрам мен олардың жиынтықтауыштарының пайдаланылуын қарау және мақұлдау;

3) Компанияның және ЕҰ-ның ғылыми-техникалық және инновациялық саясатының басым бағыттарын анықтау;

4) Компанияның және ЕҰ-ның ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласындағы бағдарламаларын, стратегияларын қарау және мақұлдау;

5) Компанияның және ЕҰ-ның кешенді дамуымен, жаңа техника мен технологияларды құрумен және қолданыстағыларын жетілдірумен байланысты ғылыми-техникалық, технологиялық, конструкторлық және өндірістік мәселелер бойынша ұсынымдарды қарау және әзірлеу;

6) жаңа техника мен технологияларды пайдалану, сондай-ақ ғылыми-техникалық даму шеңберінде зерттеулер мен әзірлемелер жүргізу жөніндегі ұсыныстарды қарау және мақұлдау функцияларын жүзеге асырады.

4. ҒТК құрамы және ҒТК қызметінің регламенті

6. ҒТК құрамы Компанияның Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7. ҒТК құрамына:

ҒТК төрағасы;

ҒТК төрағасының орынбасары;

ҒТК мүшелері кіреді.

8. ҒТК төрағасы ҒТК қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. ҒТК төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін ҒТК төрағасының орынбасары атқарады.

9. Техникалық саясат және реттеу департаменті ҒТК жұмыс органы болып табылады, оның функциялары:

1) Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ-дан келіп түсетін ұсыныстарды, оларды ҒТК отырысының қарауына енгізудің мақсатқа лайықтығын қарау;

2) осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген, ҒТК отырысында қарау үшін Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ ұсынған құжаттардың толық болуын тексеру;

3) Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ ұсынған құжаттардың құрамында осы Ереженің 13-тармағында белгіленген құжаттар болмаған жағдайда оларды қайтару;

4) ҒТК шешімдерінің іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асыру болып табылады.

10. Техникалық саясат және реттеу департаментінің қызметкері ҒТК хатшысы болып табылады, ҒТК хатшысы ҒТК құрамына кірмейді.

11. ҒТК хатшысы ҒТК қызметімен байланысты іс қағаздарын жүргізу үшін жауапты болып табылады, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

12. Алда болатын ҒТК отырысының күн тәртібін ҒТК хатшысы осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген, берілген құжаттардың негізінде қалыптастырады.

ҒТК хатшысы ҒТК отырысының күн тәртібін қаралатын мәселелер бойынша барлық материалдардың көшірмелерімен бірге ҒТК төрағасына, ҒТК төрағасының орынбасары мен мүшелеріне ҒТК отырысы өткізілетін күнге дейін кем дегенде үш жұмыс күнінен кешіктірмей танысу үшін береді.

13. ҒТК отырысында қарауға арналған материалдарды ҒТК отырысын өткізуге бастама білдірген Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ қалыптастырады.

ҒТК отырысында қаралатын мәселелерге бастамашы болып табылатын Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ алда болатын ҒТК отырысына дейін үш жұмыс күні бұрын ҒТК хатшысына электрондық тасығышта және қағаз түрінде ҒТК мүшелерімен алдын ала кесілген:

ҒТК қарауына енгізілетін мәселе бойынша шешім жобасын;

шешім жобасына түсіндірме хатты (ұсынылатын мәселені ҒТК талқылауына енгізу қажеттілігі туралы негіздеме, болжалды экономикалық

тиімділік, ұсынылып отырған шешім қабылданған кезде туындауы мүмкін тәуекелдер);

таныстыру материалдарын (слайдтарды);

анықтамаларды, аналитикалық материалдарды (қажет болған жағдайда) тапсырады.

14. Осы Ереженің 18-тармағында көзделген мәселелерді қоспағанда, олар бойынша материалдар ҒТК хатшысына осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктіріп берілген мәселелер күн тәртібіне енгізілмейді.

15. ҒТК отырыстары:

1) бетпе-бет нысанда;

2) ҒТК мүшелерінің, Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ бастамасы бойынша мәселелердің түсу шамасына қарай;

3) кворум болғанда өткізіледі.

16. ҒТК отырыстарын өткізу үшін кворум ҒТК мүшелерінің кем дегенде үштен екісін құрайды. Кворумның болуын ҒТК төрағасы ҒТК отырысын ашу кезінде анықтайды.

17. ҒТК төрағасы бекітілген күн тәртібіне сәйкес ҒТК отырысын шақырады.

18. ҒТК төрағасы мен мүшесінің (мүшелерінің) ұсынысы бойынша ҒТК бастапқыда күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді өз отырысында мынадай:

1) отырысқа қатысатын ҒТК мүшелерінің көпшілігі келіскен;

2) қаралатын мәселе бойынша барлық қажетті материалдар болған (шешім жобасы, түсіндірме хат, таныстыру материалдары) жағдайларда қосымша қарауға құқылы.

19. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің/ЕҰ қызметкерлері және басқа да мүдделі тұлғалар ҒТК отырыстарына қатысу үшін шақырылуы мүмкін.

20. ҒТК шешімдері отырысқа қатысқан ҒТК мүшелерінің санынан көпшілік даусымен қабылданады. ҒТК әр мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда ҒТК отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып саналады.

ҒТК мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаларға, оның ішінде басқа ҒТК мүшелеріне беруіне жол берілмейді.

21. ҒТК шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол ҒТК төрағасының орынбасарымен, ҒТК отырысына қатысқан ҒТК мүшелерімен электрондық құжат айналымы жүйесінде келісіледі және ҒТК төрағасы оған электрондық құжат айналымы жүйесінде және қағаз түріне де қол қояды.

22. ҒТК отырысына енгізілген мәселе бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, отырысқа қатысқан ҒТК мүшесі ҒТК отырысы өткізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде келіспеук себептерін жазбаша түсіндіріп бере алады, ол хаттамаға қоса беріледі не болмаса ҒТК хатшысы хаттаманың мәтінінде аталған ҒТК мүшесінің ұстанымын көрсетуді қамтамасыз етеді.

23. ҒТК хатшысы ҒТК отырысының хаттамасына ҒТК төрағасы қол қойған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ҒТК отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелерді ҒТК төрағасының орынбасарына, мүшелеріне және ҒТК қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жауапкершілік жүктелген Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарына таратуды жүзеге асырады.

24. ҒТК отырысының қол қойылған хаттамасының түпнұсқасы мен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ҒТК хатшысы қызметкері болып табылатын Компанияның құрылымдық бөлімшесінің істер номенклатурасында көрсетілген мерзім ішінде ҒТК хатшысында сақталады.

9. Құқықтар және жауапкершілік

25. ҒТК өзінің функционалдық міндеттері шегінде Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ-дан ҒТК жұмысы үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқығы бар.

26. ҒТК төрағасы, төрағасының орынбасары, мүшелері мен хатшысы, ҒТК отырыстарына шақырылған Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ қызметкерлері ҒТК отырысында алынған құпия ақпаратты жариялағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген жауапкершілікте болады.

27. Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ ҒТК отырысында мәселелердің қаралуына олар бастамашы болған мәселелер бойынша материалдардың уақтылы және сапалы дайындалуы үшін жауапты болады.

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасының
2019 жылғы 21 қазандағы
№155-У бұйрығымен
бекітілген

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының Ғылыми-техникалық кеңесінің
құрамы**

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары	- ғылыми-техникалық кеңестің төрағасы
Басқарушы директор – Бас инженер	- ғылыми-техникалық кеңес төрағасының орынбасары
Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі басқарушы директор - Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры	- ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі
Басқарушы директор - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалының директоры	- ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі
Инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директор - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры	- ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарушы директоры - «ҚТЖ - Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы	- ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі
Техникалық саясат және реттеу департаментінің директоры	- ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі
Техникалық саясат және реттеу департаментінің менеджері	- ғылыми-техникалық кеңестің хатшысы.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21 октября 2019 года

№ 155 - Ц

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

О научно-техническом совете акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

В соответствии с пунктом 59 Правил документирования в акционерном обществе «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», утвержденных приказом от 26 апреля 2017 года № 44-Ц, в целях организации работы научно-технического совета акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и в связи со структурными изменениями в акционерном обществе «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые:

- 1) Положение о научно-техническом совете акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»;
- 2) Состав научно-технического совета акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы».

2. Признать утратившими силу приказы от 25 марта 2011 года №63-Ц «О Научно-техническом совете акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», от 28 июня 2016 года № 86-Ц «О внесении изменения в приказ от 25 марта 2011 года №63-Ц», от 10 мая 2017 года №48-Ц «О внесении изменений и дополнения в приказ от 25 марта 2011 года №63-Ц», от 26 сентября 2018 года № 118-Ц «О внесении изменений в приказ от 25 марта 2011 года №63-Ц».

**Председатель Правления
акционерного общества
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»**



С.Мынбаев

Исп. Отарова А.К. – Цтех
+7 (7172) 604173

Утверждено
приказом Председателя Правления
акционерного общества
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»
от 21 октября 2019 года № 155-18

Положение
о научно-техническом совете акционерного общества
«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

1. Общие положения

1. Настоящее Положение о научно-техническом совете акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» разработано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Уставом акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и внутренними документами акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы».

2. Научно-технический совет акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» является консультативно-совещательным органом акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», координирующим вопросы научно-технической деятельности в целях определения приоритетных направлений развития акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и его дочерних организаций и выдачи рекомендаций по обеспечению научно-технического развития, формированию и реализации инновационной и технической политики акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и его дочерних организаций.

2. Определения и сокращения

3. В настоящем Положении используются следующие определения и сокращения:

- | | |
|----------|---|
| Компания | - акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» |
| НТС | - научно-технический совет акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» |
| ДО | - дочерние организации акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» - юридические лица, более пятидесяти процентов пакета акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат |

акционерному обществу «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» на праве собственности или доверительного управления.

3. Задача и функции НТС

4. Задачей НТС является разработка для Правления, руководства, консультативно-совещательных органов Компании, структурных подразделений Компании и ДО рекомендаций по эффективному, целенаправленному использованию научно-технического и инновационного потенциала Компании и ДО.

5. НТС в соответствии с поставленной перед ним задачей осуществляет следующие функции:

1) рассмотрение и одобрение проектов, направленных на техническое совершенствование предоставляемых Компанией и ДО услуг и содержание магистральной железнодорожной сети (реконструкцию и модернизацию объектов магистральной железнодорожной сети, объектов подвижного состава, специального подвижного состава), за исключением проектов, включенных в комплексные планы мероприятий по реализации Концепции технической политики, направленных на приобретение мебели, оргтехники, бытовой техники, офисного оборудования, или других проектов непромышленно-технического назначения, а также проектов, рекомендованных Правительством Республики Казахстан и другими государственными органами, акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына», Правлением и Советом директоров Компании;

2) рассмотрение и одобрение использования новых элементов инфраструктуры, нового подвижного состава и их комплектующих;

3) определение приоритетных направлений научно-технической и инновационной политики Компании и ДО;

4) рассмотрение и одобрение программ, стратегий в области научно-технического и инновационного развития Компании и ДО;

5) рассмотрение и разработка рекомендаций по научно-техническим, технологическим, конструкторским и производственным вопросам, связанным с комплексным развитием Компании и ДО, созданием новых и совершенствованием существующих техники и технологий;

6) рассмотрение и одобрение предложений по использованию новой техники и технологий, а также проведению исследований и разработок в рамках научно-технического развития.

4. Состав НТС и регламент деятельности НТС

6. Состав НТС утверждается приказом Председателя Правления Компании.

7. В состав НТС входят:
 председатель НТС;
 заместитель председателя НТС;
 члены НТС.

8. Руководство деятельностью НТС осуществляет председатель НТС. В случае отсутствия председателя НТС его обязанности исполняет заместитель председателя НТС.

9. Рабочим органом НТС является Департамент технической политики и регулирования, функциями которого являются:

1) рассмотрение предложений, поступающих от структурных подразделений Компании и ДО, на предмет целесообразности вынесения их на рассмотрение на заседании НТС;

2) проверка полноты наличия документов, представленных структурными подразделениями Компании и ДО для рассмотрения на заседании НТС, указанных в пункте 13 настоящего Положения;

3) возврат представленных структурными подразделениями Компании и ДО документов в случае отсутствия в их составе документов, определенных в пункте 13 настоящего Положения;

4) осуществление мониторинга реализации решений НТС.

10. Секретарем НТС, является работник Департамента технической политики и регулирования. Секретарь НТС не входит в состав НТС.

11. Секретарь НТС является ответственным за делопроизводство, связанное с деятельностью НТС, осуществляет функции по организационному и информационному обеспечению.

12. Повестка дня предстоящего заседания НТС формируется секретарем НТС на основе представленных документов, указанных в пункте 13 настоящего Положения.

Повестка дня заседания НТС вместе с копиями всех материалов по рассматриваемым вопросам передается секретарем НТС председателю, заместителю председателя и членам НТС для ознакомления не позднее чем за три рабочих дня до проведения заседания НТС.

13. Материалы для рассмотрения на заседании НТС формируются структурными подразделениями Компании и ДО, иницирующими проведение заседания НТС.

Структурные подразделения Компании и ДО, которые являются инициаторами вопросов, рассматриваемых на заседаниях НТС, за три рабочих дня до предстоящего заседания НТС предоставляют секретарю НТС на электронном носителе и в бумажном виде предварительно согласованные с членами НТС:

проект решения по выносимому на рассмотрение НТС вопросу;

пояснительную записку к проекту решения (обоснование необходимости вынесения предлагаемого вопроса на обсуждение НТС, предполагаемый экономический эффект, риски, которые могут возникнуть при принятии

предлагаемого решения);

презентационный материал (слайды);

справки, аналитические материалы и прочее (в случае необходимости).

14. Вопросы, материалы по которым предоставлены секретарю НТС позже срока, указанного в пункте 12 настоящего Положения, в повестку дня не включаются, за исключением вопросов, предусмотренных в пункте 18 настоящего Положения.

15. Заседания НТС проводятся:

1) в очной форме;

2) по мере поступления вопросов по инициативе членов НТС, структурных подразделений Компании и ДО;

3) при наличии кворума.

16. Кворум для проведения заседания НТС составляет не менее двух третей членов НТС. Наличие кворума определяет председатель НТС при открытии заседания.

17. Председатель НТС созывает заседание НТС в соответствии с утвержденной повесткой дня.

18. По предложению председателя и члена (-ов) НТС НТС вправе дополнительно рассмотреть на своем заседании вопросы, изначально не включенные в повестку дня, при условии:

1) согласия большинства участвующих в заседании членов НТС;

2) наличия всех необходимых материалов по рассматриваемому вопросу (проекта решения, пояснительной записки, презентационного материала).

19. Для участия в заседаниях НТС могут быть приглашены работники структурных подразделений Компании/ДО и другие заинтересованные лица.

20. Решения НТС принимаются большинством голосов от числа присутствующих на заседании членов НТС. Каждый член НТС имеет один голос. В случае равенства голосов решающим является голос председательствующего на заседании НТС.

Передача членом НТС права голоса иным лицам, в том числе другим членам НТС, не допускается.

21. Решения НТС оформляются протоколом, который согласовывается в системе электронного документооборота заместителем председателя НТС, членами НТС, принимавшими участие в заседании НТС, и подписывается председателем НТС в системе электронного документооборота и в бумажном виде.

22. В случае несогласия с решением, принятым по вопросу, вынесенному на заседание НТС, член НТС, принимавший участие в заседании, может представить в течение одного рабочего дня с даты проведения заседания НТС письменное объяснение причин несогласия, которое прилагается к протоколу, либо секретарь НТС обеспечивает отражение позиции указанного члена НТС в тексте протокола.

23. Секретарь НТС в течение двух рабочих дней с момента подписания

протокола заседания НТС председателем НТС осуществляет рассылку выписок из протокола заседания НТС заместителю председателя, членам НТС и причастным структурным подразделениям Компании и ДО, на которых возложена ответственность за выполнение решений, принятых НТС.

24. Оригинал подписанного протокола и материалы по вопросам повестки дня заседания НТС хранятся у секретаря НТС в течение срока, указанного в номенклатуре дел структурного подразделения Компании, работником которого является секретарь НТС.

6. Права и ответственность

25. В пределах функциональных обязанностей НТС имеет право запрашивать у структурных подразделений Компании и ДО информацию, необходимую для работы НТС.

26. Председатель, заместитель председателя, члены и секретарь НТС, приглашенные на заседания НТС работники структурных подразделений Компании и ДО за разглашение конфиденциальной информации, полученной на заседании НТС, несут ответственность, предусмотренную законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Компании.

27. Структурные подразделения Компании и ДО несут ответственность за своевременную и качественную подготовку материалов по рассматриваемым на заседаниях НТС вопросам, инициаторами рассмотрения которых они являются.

Утвержден
приказом Председателя Правления
акционерного общества
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»
от 21 октябрь 2019 года № 155-18

Состав
научно-технического совета акционерного общества
«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

Первый заместитель Председателя Правления	-	председатель научно-технического совета
Управляющий директор - Главный инженер	-	заместитель председателя научно-технического совета
Управляющий директор по безопасности движения – директор Департамента безопасности движения	-	член научно-технического совета
Управляющий директор – директор филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» - «Дирекция автоматизации и цифровизации»	-	член научно-технического совета
Управляющий директор по инфраструктуре – директор филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» - «Дирекция магистральной сети»	-	член научно-технического совета
Управляющий директор акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – Председатель Правления акционерного общества «КТЖ – Грузовые перевозки»	-	член научно-технического совета
директор Департамента технической политики и регулирования	-	член научно-технического совета
менеджер Департамента технической политики и регулирования	-	секретарь научно-технического совета.